


Республика бойынша 2019 жылғы 1 жарты жылдықтағы жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық жағдай

Қазақстан Республикасында инфекциялық және паразиттік аурулар бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты болып сипатталады. 2019ж. 1 жартыжылдығының республика халқының арасында 22 нозология бойынша, оның ішінде А,В,С паратифамымен, обамен, дифтериямен, паралитикалық полиомиелитпен, В типті гемофильді инфекциямен, сіреспемен, Ку қызбасымен, құтырумен, висцералды лейшманиозбен ауру жағдайлары тіркелмеген.


2018 жылмен салыстырғанда жұқпалы және паразиттік 50 ауру бойынша сырқаттанушылық төмендеді, оның ішінде: иерсиния энтероколитика тудыратын энтериттер 6,75 есеге, ботулизм 2,98 есеге, эпидемиялық паротит 2,59 есеге, жіті вирусты гепатит 2,26 есеге (оның ішінде АВГ 2,47 есеге, ВВГ 40,37%-ға, СВГ 7 жағд. ДВГ 3 жағд.), менингококк инфекциясы 49,35%-ға, ротавирустық энтерит 43,44%-ға, шегеллез 35,41%-ға, бактериялды дизентерия 34,67%-ға, желшешек 31,40%-ға, энтеробиоз 31,87%-ға, сальмонеллез 26,45%-ға, функционалды диарея 22,72%-ға, риккетсиоз 20,17%-ға, трематодоз 17,22%-ға, анықталмаған ішек инфекциялары 17%-ға, ДСВГВ 16,72%-ға, эхинококкоз 13,92%-ға, анықталған ішек инфекциялары 11,35%-ға, дерматомикоз 10,73%-ға, туберкулез 8,44%-ға, оның ішінде тыныс алу органдарының туберкулезы 9,99%-ға, лямблиоз 5,45%-ға, ішек иерсиниозы 9 жағд., кене бөрте сүзегі 2 жағд., туляремия 1 жағд. **төмендегені байқалады.** (Сурет 1)



1 – сурет-Қазақстан Республикасында жұқпалы аурулар төмендеуінің 2018-2019 жж. 1-жарты жылдығындағы салыстырмалы сипаттамасы.

Сонымен қатар, талданып отырған кезеңде республика бойынша мынандай сырқаттанушылық көрсеткіштері: қызылша 4369,63 есеге, көкжөтел 42,84%-ға, серозды менингит 7,33%-ға, скарлатина 16,04%-ға, аскаридоз 3,28%-ға, созылмалы вирусты гепатиттер 4,5%-ға, (оның ішінде ДЖСВГВ 1,51есеге, СВГС 23,65%-ға),

іріңді менингит 7 жағд., геморрагиялық қызба 5 жағд., Конго-Қырым геморрагиялық қызба 4 жағд., Денге қызбасы 4 жағд., қызамық 2 жағд., тері лейшманиозы 1 жағд., күйдіргі 1 жағд. **артқандығы байқалады.** (Сурет 2)



2 – сурет-Қазақстан Республикасында жұқпалы аурулар өсуінің 2018-2019 жж. 1-жарты жылдығындағы салыстырмалы сипаттамасы.

Талданып отырған кезеңде республика бойынша 2 тырысқақ жағдайы және безгектің бір жағдайы тіркелген.

Республика бойынша жұқпалы және паразиттік ауруларға мониторинг жүргізу, инфекциялық сырқаттанушылықты талдау, эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге практикалық көмек көрсету тұрақты негізде жүргізіледі. Профилактикалық іс-шаралар кешені Қазақстан Республикасы халқының арасында тұрақты эпидемиологиялық жағдайды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу мақсатында ауруды жұқтыру мен одан әрі дамытуға жол бермеу үшін сақтық шараларын сақтау қажет:

- ✓ салауатты өмір салтын ұстану (толыққанды ұйықтау, таза ауада дем алу, белсенді демалыс, үйлесімді, дәруменге бай тамақтану), бұл кез келген инфекциямен күресуде организмге көмектеседі;
- ✓ сатып алынған өнімдердің қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімін мұқият қадағалау қажет;
- ✓ жеке гигиена ережесін қатаң сақтау керек (тамақты дайындар алдында және тамақ ішердің алдында, жануарларды ұстағаннан кейін, дәретханаға барғаннан кейін қолды мұқият сабындап жуу);
- ✓ тағам өнімдерін арнайы сатуға рұқсат етілген орындардан алу керек;
- ✓ шомылуға арналған арнайы орындарда ғана шомылу қажет;
- ✓ қайнатылған, бөтелкедегі немесе кепілдендірілген сапалы суды қолдану керек;

- ✓ тұрғын үйде үнемі тазалықты, жеке гигиенаны сақтап, балаларға қайнатылмаған сүт өнімдерін, шикі жұмыртқаны бермеу керек, тағам дайындауға тек балғын өнімдерді қолдану қажет;
- ✓ жәндіктердің шағуынан қорғау мақсатында жәндіктерді үркітетін және жоятын құралдарды (репелленттер мен Инсектицидтер) қолдану, сондай-ақ үй-жайларда міндетті түрде терезелер мен есіктерді желдету ұсынылады;
- ✓ қауіпті жұқпалы аурулар тіркелген елдерден қайтып келген кезде 21 күн ішінде өз денсаулығының жай-күйін бақылау, ал кез келген қызба ауруы, ішек инфекциясы, респираторлық немесе қандай да бір басқа симптомдар мен синдромдар туындаған кезде дереу дәрігерге бару, өзі келген елді көрсету ұсынылады.